

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

*Туманшиев Д.А.¹, Исова Л.Т.²

¹ PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: tumanshiyev.darkhan@gmail.com

² Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада жаһандық және ұлттық экономикадағы өзекті тақырыптардың бірі – мұнай және газ секторын дамыту саясатына арналған. Мұнай мен газ өндірісі – көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстан Республиканың да сыртқы және ішкі саясатының энергетикалық әлеуетінің аса маңызды құралы. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының энергетикалық басым бағыттары мұнай және газ өнеркәсібінің маңызына, құндылығына және рөліне назар аударылады. Ең ірі кен орындары, олар бойынша халықаралық инвестициялық қор және қазіргі уақытта республикадағы мұнай саясатына елеулі ықпал ететін ТҰК саясаты мен маңызды мұнай және газ салаларының ресурстық мүмкіндіктері сарапталады. Сонымен қатар, Қазақстанның энергетикалық ресурстарға тәуелділік контекстіндегі негізгі қиындықтарға тоқталады. Экономиканы әртараптандыру, энергетикалық саладағы инвестициялық әріптестік және мұнай-газ өнімдерінің жаңа нарықтарын іздеу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Қазақстанның экономикасы мен халықаралық қатынастарындағы энергетикалық ресурстардың рөлі талданады, олардың дипломатия және сауда саласындағы стратегиялық шешімдерге ықпалы ашылды. Еліміздің сыртқы саясатын айқындайтын негізгі аспектілер ретінде энергетикалық қауіпсіздік, транзит және экономиканы әртараптандыру мәселелері атап өтілген. Мақалада мұнай және газ ресурстарын өндіру, тасымалдау және экспорттаумен байланысты дипломатиялық қатынастардың негізгі аспектілері қарастырылады. Зерттеу ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету, елдің қауіпсіздігін нығайту және оның жаһандық қоғамдастыққа интеграциялануына ықпал ету үшін мұнай-газ секторын басқарудың тұрақты және инновациялық тәсілдерін әзірлеу және енгізу қажеттілігін көрсетеді. Қазақстанның энергетикалық тәуелділік жағдайында тұрған экономикалық және саяси сын-қатерлердің алуан түрлілігі мәселелері атап өтілген. Соңында, мақалада жаһандық энергетикалық динамиканың өзгеруін ескере отырып, экономиканы әртараптандыру және Қазақстанның халықаралық байланыстарын нығайту перспективалары ұсынылған.

Тірек сөздер: мұнай-газ саласы, жаһандық экономика, халықаралық қатынастар, дипломатия, сыртқы саясат, ғаламдық энергетика, ресурстық саясат, халықаралық инвестиция

Негізгі ережелер

XXI ғасырдың геосаяси келбеті, Қазақстан секілді көмірсутегі шикізатына бай мемлекеттің ресурстық потенциалына қатысты саясатты нақтылау бағытын тиянақты жүзеге асыруды ғана емес, оның сыртқы сауда саясатында үйлестіру мен әлемдік нарықтарда салықалы саудалауға қажетті өткір мақсаттарды да дүниеге әкелді. Қазіргі әлемнің болмысын өзгерткен

энергетикалық ғасырдың келуі, «мұнай қаруының» жаһандық ұстанымдарындағы қақтығыстар потенциалы, мұнай және газ ресурстар өнімін әлемдік нарыққа шығарудың геэкономикалық мақсаттарын ғана емес, халықаралық мазмұнындағы келешегін де қатаң қарауға талаптар тудыруда. Әлемдегі ең ірі географиялық кеңістіктер, Ресей мен Қытайдың арасындағы «қақпа елі» жағдайы, Қазақстанның екі мемлекеттің жаһандық экономикалық сауда саясатының озық мүмкіндіктеріне сай, мұнай, газ ресурстарының сыртқы саудасын жүйелеу алуының қабілеті ерекше сын болып табылады. Ресейдің экономикасының санкция жағдайындағы ресурстар тасымалының мәселесінің туындауы, Қытайдың «жолдар» стратегиясына сай, Қазақстан аумағының транзиттік дәліз потенциалының қалыптасу мүмкіндіктерінің барлығы, шикізаттардың сыртқы саясаттағы келешегінің перспективаларын қалыптастырудың күрделі міндеттерін аса салмақты жүктейтін мемлекеттік идеология алғышарттарын тудыруда. Осы орайда, Қазақстанның жаңа еуразиялық «Heartland» айналуы және геосаяси маңыздылығына қатысты ойлардың да жиі айтылуына қатысты мемлекеттің жаһандық мүмкіндіктері де негізді болуда. Қазақстанмен қатар, оның аймақтағы көрші елдері нарығында, тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде-ақ тұрақтаған батыстық «Chevron» (АҚШ), «ExxonMobil» (АҚШ), «Royal Dutch Shell» (Ұлыбритания) және «Royal Dutch Shell» и «ExxonMobil», «Eni» (Италия) және «Total S.A.» (Франция) секілді халықаралық трансұлттық корпорациялардың бизнесіне ыңғайлы кеңістікке айналуының да дара мәселелері тұр.

Бүгінгі таңда барланған мұнай қоры бойынша Қазақстан дүниежүзіндегі мұнай қорының үш пайызын иеленген, әлемдегі жетекші 15 елдің қатарына кіреді. Мұнай-газды аудандар республика аумағының алпыс екі пайызын алып жатыр және 172 мұнай кен орны бар, оның 80-нен астамы игерілуде.

Мұнай қорының тоқсан пайыздан астамы 15 ірі кен орындарында – Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жаңажол, Қаламқас, Кеңқияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бозашы, Әлібекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское кен орындарында шоғырланған. Кен орындары Қазақстанның он төрт облысының алтауының аумағында орналасқан. Бұл Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Оның үстіне көмірсутегі қорының шамамен жетпіс пайызы Қазақстанның батысында шоғырланған.

Кіріспе

Орталық Азияда мұнай мен газ өндіруде белсенді мемлекет ретінде Қазақстан жаһандық энергетикалық ландшафттың негізгі ойыншысы ретінде қалыптасты. Оның орасан зор қорларымен және стратегиялық серіктестігімен сипатталатын мұнай-газ саласы дәстүр мен қазіргі заманның тоғысқан жерінде тұрып, елдің экономикалық өсуіне жетекшілік етеді және жаһандық энергетикалық динамикаға әсер етеді. Соңғы онжылдықтарда Қазақстанның мұнай-газ секторы заманауи әлемнің сын-қатерлеріне бейімделе отырып, технологиялық жетістіктер мен ауыспалы нарық талаптары ұсынатын мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оң өзгерістерді бастан кешіруде. Осындай

мазмұнда елегіндегі мәселенің өзектілігі мұнай және газ секторының сыртқы және ішкі саясатпен байланысы ғылыми тұрғыда толыққанды сарапталуды қажет етуімен байланысты.

Мақаланың басты нысанасы, Қазақстанның сыртқы саясатындағы мұнай-газ секторының рөлін талдау және елдің экономикасы жағдайында осы сектордың даму перспективаларын анықтау болып табылады. Қазақстандағы мұнай-газ секторының қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына сараптама жасай отырып, елдің экономикасы мен сыртқы саясаты арасындағы қарым-қатынасты тереңірек түсінуге мүмкіндіктерді саралау да қолға алынады.

Бұл мақаланың жаңалығы Қазақстанның мұнай-газ секторын талдауды елдің сыртқы саясатына ықпалымен үйлестіруінде. Мақалада мұнай-газ секторының дамуының ішкі аспектілері де, оның Қазақстанның сыртқы саясатына әсері ескерілетін жүйелі зерттеу ұсынылатын болады. Мұндай кешенді тәсіл Қазақстанның сыртқы саяси шешімдерін қалыптастыратын жаңа үрдістер мен факторларды анықтауға, сондай-ақ сыртқы саяси стратегияның құралы ретінде оның тиімділігін арттыру мақсатында мұнай-газ секторын басқаруды жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Зерттеуде алға қойылған гипотеза мұнай-газ секторы Қазақстанның сыртқы саясатын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етуді анықтаумен байланысты, осы тұста тұрақты дамуы энергия ресурстарының әлемдік бағасына тәуелділік және экономиканы әртараптандыру қажеттілігі сияқты бірқатар мәселелермен бетпе-бет келудің де сипаты орын алады.

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңызы мұнай-газ секторының Қазақстанның сыртқы саясатына ықпалын тереңірек түсінуге және проблемаларды жою және оның халықаралық аренаға қатысу тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мұнай қоры бойынша Қазақстан әлемдегі жетекші 15 елдің қатарына кіреді. 1899 жылы қарашада Қарашүңгіл трактында тереңдігі 40 м ұңғымадан бірінші мұнай көзі табылды. 1911 жылы сәуірде Доссорда дәл осындай жоғары сапалы мұнай кен орны ашылды, ол дүниежүзілік ауқымда дүрбелең тудырды [1]. Бүгінгі таңда Қазақстанда көмірсутегінің әлемдік қорының 3,3 пайызы бар. Республикадағы алынатын көмірсутек ресурстарының жалпы болжамды көлемі 17 млрд тоннаны құрайды, оның 8 млрд тоннасы Каспий теңізінің қазақстандық секторына (КСКС) келеді. 172 мұнай және 42 конденсат кен орындары орналасқан республиканың мұнай және газды аймақтары Қазақстан аумағының 62%-ға жуығын алып жатыр. Көмірсутек қорының шамамен жетпіс пайызы елдің батысында шоғырланған [2]. Осындай көмірсутегі әлеуетіне бай мемлекеттің ішкі саяси дамуының басты қағидаты да оның сыртқы саясаттағы шикізатты саудалау механизмін үйлестірудің қазіргі мүмкіндіктері мен келешегін тиянақтауға тікелей байланысты.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеу барысында шетелдік және отандық зерттеушілер мен сарапшылардың еңбектеріне сараптама жасалып пайдаланылды.

Зерттеу *әдіснамасы* ретінде халықаралық мектептердің теориясы қолданылды.

Халықаралық қатынастардағы *институционализм* теориясының мұнай-газ секторындағы үйлестіру саясатын орталықтандырған зерттеу мекемелері мен дүние жүзілік кеңселері қорытындылары мен ұсыныстары, Қазақстанның сыртқы саясатына ықпалын талдау қолданыстағы институционалдық тетіктердің тиімділігін бағалауға және оларды жақсартудың ықтимал жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі озық *конструктивті теориялық* басым тұжырымдар болса, Қазақстанның мұнай-газ саласындағы сыртқы саясатын қалыптастырудағы бірегейліктің, идеялардың және нормалардың рөлін ескеруге мүмкіндік береді, бұл мемлекеттің іс-әрекеттерінің мотивтері мен мақсаттарын тереңрек түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мұнай-газ саласындағы басым сатып алушы мемлекеттердің сұраныс талаптарының теңгермесіз баға саясатына сай, сыртқы ұсыныстарды қадағалауда да конструктивті ұстанымдар доктринасының геосаяси мазмұны қатысады.


Геосаяси парадигмаларға сай, мұнай-газ секторын Қазақстан мен оның көршілерінің геосаяси мүдделері мен стратегиялары контекстінде қарастыру, кеңістіктің шикізаттық әлеуетіне қатысты сыртқы күштер стратегияларын сараптауда, аймақтағы өзара іс-қимыл ерекшеліктерін және оның елдің сыртқы саясатына ықпалын ашады. Зерттеу жұмысында таңдалған *зерттеу әдістерімен* анықталатын сапалы зерттеу стратегиясы қолданылды. Осылайша, жұмыста статистикалық деректерді өңдеуге және талдауға бағытталған контент-анализ, сараптамалық болжам әдісі қолданылды. Статистикалық талдау әдісі мемлекеттік және жеке меншік сараптамалық орталықтардан алынған деректерді талдауға пайдаланылды. Сонымен қатар, жұмыста Орталық Азия аймағының мұнай және газ секторының дамуы контекстіндегі белгілі сарапшылардың сұхбаттары жинақталып зерттеуге мүмкіндік беретін жүйелі әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мұнай өндіру Қазақстан экономикасының және оның ең қарқынды дамып келе жатқан секторының тірегі болып табылады, ол жалпы ұлттық өнімнің маңызды бөлігін қалыптастырады және бюджет кірістері мен айналымдағы валютаның үлкен бөлігін қамтамасыз етеді.

Қазақстанға алғаш тәуелсіздік жылдары мұнай өндірісіне шет елдік инвесторлар тартылды. Бірінші диаграммада көрсетілгендей, қазіргі уақытта инвестицияның көлемі артып келеді.

Мұнай өндіру бойынша Қазақстандағы шет мемлекеттердің үлесі



1 диаграмма - Мемлекеттердің мұнай өндіру үлесі [3]

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі 2023 <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/publications/5159/>

Осы ретте, Отандық және шет елдік зерттеушілердің Қазақстанның сыртқы саясатындағы мұнай-газ секторының маңыздылығына сараптамалары да қолға алынған. Сонымен қатар, елдің тұрақты дамуы үшін экономиканы әртараптандыру және баламалы энергия көздерін дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Отандық зерттеуші Т.Тұрғанбаевтың сараптамасында көмірсутек ресурстарының Қазақстанның сыртқы саясатындағы ахуалы мен олардың Орталық Азиядағы елдің аймақтық мәртебесіне тікелей әсер ететіндігі айтылған. Қазақстан негізгі жаһандық ойыншылармен қарым-қатынастарын теңестіруге және осы серіктестіктерден пайда табуға ұмтылады, бірақ оның көмірсутек ресурстарына ие болуы оған артықшылықтар да, кемшіліктер де тудырады. Мысалы Ресейге экономикалық тәуелділік, Қытай және Ресеймен шекара және жер мәселесі, демографиялық және экономикалық мәселелердің әсері өте жоғары деп баға береді. Осы мәселелерді жеңілдету үшін Қазақстан көпвекторлы саясат жүргізіп, халықаралық белсенділігін арттырып, Ресей және Қытаймен шиеленіс тудырмай, тәуелсіздігін нығайтуға тырысатындығын автор бағамдайды [4].

Осло университетінің зерттеушісі К. Эрик өз зерттеуінде, Қазақстан Қаз МұнайГаз-ға өзінің мұнай-газ өнеркәсібінде маңызды рөл атқаратын жағдайды жасаған болса да, Қазақстан әлі де күрделі техникалық және климаттық жағдайларда көптеген кен орындарын игеру мүмкіндігіне ие болу үшін шетелдік компанияларға тәуелді екендігі айтылады. Дегенмен, соңғы 10

жылда бірнеше ТҰК белсенділіктері азаюда немесе Қазақстаннан шығып кетуде, себебін Қазақстанда ТҰК үшін бизнес тартымдылығын жоғалту және «ресурстық ұлтшылдық» деген көзқарасты К.Эрик білдіреді [5]. Алайда, зерттеушінің ойымен толық келісу қиын. Себебі, әлі де болса, шикізат нарығының тұрақты емес талаптарының қалыптасу кезеңі осындай мәселелер тудыратыны сөзсіз секілді.

Осы тұста автордың айтып отырғаны 2009 жылы Британдық компания British Petroleum, және 2013 жылы американдық ConocoPhillips компаниясы Қазақстандағы жобаларын тоқтатуы болып табылады. Қазақстаннан кету ниетін жариялаған кезде ішкі активтерін екі миллиард долларға бағалаған. «ҚазМұнайГаз» арқылы корпорацияға 250 миллион доллар төлеген Қазақстан бұл компанияның Каспий құбыр консорциумындағы (КҚК) 1,75 пайыздық үлесін сатып алды. ConocoPhillips «Нұрсұлтан» жобасына 150 миллион доллар инвестициялады, бірақ тек 32 миллион долларды қайтара алды. Қашаған жобасына жұмсалған шығынды есептесек, Қазақстаннан кетіп бара жатқан америкалық компания 620 миллион долларға жуық шығынға ұшыраған. Осы процестен кейін Қазақстанға халықаралық инвестициялық қызығушылық біраз уақытқа төмендеді [6].

Сонымен қатар, басқа да ішкі нарыққа кірген инвесторлардың өзара бәсекелестігінде ескеру қажет.

Қазақстан Республикасы мұнай өнеркәсібінен түсетін орасан зор табысты халықаралық бәсекеге қабілетті экономиканы құру үшін тиімді пайдалану міндеттерін айқындайтын, әлемдік саяси және экономикалық кеңістіктегі өз ұстанымын нығайтып, жаңа энергетикалық нарықтарды дамытуда табандылығы, ОПЕК+ келісіміне қосылуы халықаралық энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы қадамдардың бірі болып отырғандығы Л.Исова мен А.Батталованың мақаласында баяндалады [7]. ОПЕК+ келісімі бойынша өндірісті қысқартудың жалпы мақсатына қол жеткізудегі Қазақстанның қазіргі сыртқы саяси ұстанымының бірегейлігі оның қазіргі уақытта негізінен экспорт көлеміне байланысты екендігі мақалада қарастырылған.


Қазақстанның халықаралық аренада мұнай-газ саласы маңызды рөл ойнайды және жаңа инвестициялық жобаларға ашық. Осы тұста У.С. Карабалин және А.К. Тукаевтың зерттеулерінде, Қазақстанның мұнай саласы ОПЕС+ ұйымымен ынтымақтастығы артып келетінін жазады және халықаралық аренадағы беделінің де өсіп жатқаны айтылады.

Жаһандық мұнай кешенінің маңызды элементі ОПЕК+ келісімі болды, ол 2015–2016 жылдары бағаның құлдырауын тоқтатуға көмектесті және әлемдегі ірі мұнай экспорттаушылар арасында ынтымақтастық тетіктерін құрды. Нарықтың басқа қатысушыларының бастапқы күмәнділігіне қарамастан, мұнай өндіруді азайту бойынша бастапқы мақсаттар сәтті орындалды. Келісімнің Мониторинг комитетіне енгізілген Қазақстан оны жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады, бұл еліміздің әлемдік мұнай нарығындағы рөлінің артып келе жатқанын атап көрсетеді [8].

Еуропалық зерттеушілер Томас Кофей және Люсия Торлай Қазақстан және Еуропа екі жақты мұнай ынтымақтастығын зерттеу барысында маңызды сараптама жасайды. КҚК құбыры Қазақстан мұнайды еуропалық нарықтарға экспорттау үшін пайдаланатын ресейлік инфрақұрылымның жалғыз бөлігі емес. Қазақстан сондай-ақ тәулігіне екі миллион тонна мұнай тасымалдай алатын әлемдегі ең үлкен құбырлардың бірі «Дружба» құбырын пайдаланады. Құбыр Ресейдің орталық бөлігінде басталып, Батыс Сібір мұнай кен орындарын Қазақстан өзінің шикі мұнайын Германияға экспорттау үшін пайдаланатын Еуропаның ірі мұнай өңдеу зауыттарымен байланыстырады. Шикі мұнайдың алғашқы жөнелтілімі 2023 жылдың наурызында Ресей, Беларусь және Польша арқылы Берлиндегі жанармайдың 90% қамтамасыз ететін Шведт қаласындағы ресейлік мұнай-химия комбинатына (ПКК) жету үшін жіберілді. Мұндай сауда келісімі екі елге де тиімді: Германия ресейлік мұнайға балама тапты, ал Қазақстан ЕО-мен сауда қатынастарын дамытуды жалғастыруда.

Дегенмен, автор бұл қадамдар бәрі бір де Ресейге мұнай саласы бойынша тәуелділік әлі де жалғасып келетінін айтады. «Дружба» құбырының орналасқан жерін ескере отырып, Ресей Германия мен Қазақстан тәуелді инфрақұрылымын оңай пайдалана алады. Біріншіден, Ресей Қазақстан мұнайының Германияға ағынын КҚК құбырындағыдай кез келген уақытта тоқтата алады, сондықтан екі ел де Кремльдің мұндай саудаға деген көзқарасына сүйенеді. Сондықтан Қазақстан мен Германияның Ресейдің мүддесін қорғау үшін оған қарсы әділ қарым-қатынастарын сақтауға негіз бар. Сонымен қатар, Ресей құбырды басқаратын «Транснефть» мемлекеттік мұнай компаниясы арқылы транзиттік төлем алады. Бұл сауда тараптары үшін моральдық қауіп төндіреді, өйткені олар Кремльге қаражат аударып, Ресей-Украина соғысындағы ресейлік әскерилерді жанама түрде қаржыландыруда [9].

2022 жылғы статистика бойынша шет елдік компаниялардың жылдық мұнай өндіру көлеміне байланысты келесідей нәтиже көрсетеді.



1-сурет - ҚР мұнай өндіру бойынша статистика [10]

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі Energy Monitor <https://emf.kz>

ҚР мұнай-газ саласында инвестиция көлемін арттыруға және дамытуға байланысты бірнеше заңнамалық құжаттар қабылдады. Мысалы ресми құжат бойынша бекітілген 2023 - 2027 жылдарға арналған ірі мұнай-газ және мұнай-химия жобаларын дамыту бойынша Кешенді жоспар бойынша:

Кешенді жоспар Қазақстандағы мұнай-газ жобаларының іске асырылуын бақылау мен басқарудың негізгі құралы болып табылады, сонымен бірге ол жобалардың орындалу барысын жүйелі түрде бақылап отырады, мүмкін болатын кідірістерді уақтылы анықтауды және жоюды қамтамасыз етеді.

2020 – 2022 жылдар кезеңінде мұнай өндіру: 2020 жылы – 85,6 млн тоннаны, 2021 жылы – 85,9 млн тоннаны, 2022 жылы – 84,2 млн тоннаны құрады.

Бұл ретте елдің мұнай өңдеу өнеркәсібінің басты міндеті экономикалық өсімді және ішкі нарықтың жоғары сапалы жанар-жағармайға қажеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл тапсырманы 3 отандық мұнай өңдеу зауыты атқарады: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (мұнай өнімдерін өндіру) және «Каспий Битум» БК» ЖШС (битум өндіру) жалпы өңдеу көлемі жылына 18 миллион тоннаға дейін. 2023 - 2027 жылдарға арналған ірі мұнай-газ және мұнай-химия жобаларын дамытудың кешенді жоспарын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

елдегі мұнай өндіру деңгейін 2023 жылғы 90,3 миллион тоннадан 2027 жылға қарай 105,5 миллион тоннаға дейін арттыру;

газ өндіру көлемін 2023 жылғы 58,7 млрд. м3-ден 2027 жылға қарай 82,1 млрд. м3-ге дейін ұлғайту және тиісінше ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, шикі газдың қосымша көлемін өңдеу;

2027 жылға қарай мұнай-химия өнімдерін өндіру көлемін жылына 1049 мың тоннаға дейін ұлғайту, жоғары қосылған құны бар өнімдерді құру;

мұнай өңдеу қуаттылығын жылына 6 миллион тоннадан 12 миллион тоннаға дейін ұлғайту, шикізатты өңдеу және мұнай өнімдерін өндіру үшін қосымша мүмкіндіктер беру [11].

Осы тұста жаңа ақпарат көзі бойынша 2024 жылдың 21 ақпанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Татарстан астанасына жұмыс сапары барысында, «Татнефть» ЖАҚ бас директоры Наиль Магановты қабылдап, Қазақстан Республикасында бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларын талқылады.

Кездесу аясында «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы «Татнефть» өкілдерімен бірқатар құжаттарға қол қойды.

Қол қойылған құжаттардың ішінде компания мұнай -газ саласына байланысты бір құжатты атады:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Татнефть» ЖАҚ арасында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на тиесілі «Karaton Operating Ltd» жеке компаниясының акцияларының 50% сатып алу-сату шарты, сондай-ақ «Қаратон Подсолевой» жобасы бойынша екі корпоративтік құжат.

Алдағы уақытта Ресейдің мұнай-газ саласындағы үлесі өзгеруі ықтимал және осы тұста мұнай тасымалы ресейлік Дружба бағыты қайта жандануы мүмкін [12].

Бритиш Петролиум (BP) жаһандық энергетикалық статистикасына сәйкес (2023 ж.) Қазақстанның «расталған» қоры 2,3 триллион м3 немесе әлемдік жалпы көлемнің 1,2% құрайды. Қорлардың көлемі 2016 жылдан бері өзгеріссіз қалды. Қазақстан әлем бойынша 16-орында және ТМД елдері арасында (Ресей, Түркіменстан және Әзірбайжаннан кейін) төртінші орында. Сонымен қатар, бұл деректер 2023-2027 жылдарға арналған ірі мұнай-газ және мұнай-химия жобаларын дамытудың Кешенді жоспарының деректерінен ерекшеленеді, мұнда газ қоры бойынша Қазақстан әлемде 22-ші орында және ТМД елдері арасында 3-ші орында (Ресей мен Түркіменстаннан кейін). Қазақстанда қабылданған жіктеу жүйесіне сәйкес (A+B+C1+C2 санаттары бойынша) Қазақстан Республикасының газ саласын 2022 - 2026 жылдарға арналған дамытудың кешенді жоспарына сәйкес «расталған және болжамды» қорлардың көлемі 3,8 трлн м3 құрайды. Негізгі бөлігін (шамамен 57%) жоғары күкіртті ілеспе газ құрайды [13].


1 кесте. Газ қоры бойынша жетекші 10 ел, триллион м³ [14]

Мемлекеттер атауы	BP, трлн м ³	Әлемдік қордан алатын үлесі	Мемлекеттер атауы	Әлемдік қордан алатын үлесі	ОПЕК трлн м ³
1.Ресей	37,4	19,9%	1.Ресей	47,8	22,7%

2. Иран	32,1	17,1%	2. Иран	34,0	16,2%
3. Қатар	24,7	13,1%	3. Қатар	23,8	11,3%
4. Түрікменстан	13,6	7,2%	4. АҚШ	16,4	7,8%
5. АҚШ	12,6	6,7%	5. Түрікменстан	14,0	6,6%
6. Қытай	8,4	4,5%	6. Сауд Арабия	9,5	4,5%
7. Венесуэлла	6,3	3,3%	7. БАӘ	8,2	3,9%
8. Сауд Арабия	6,0	3,2%	8. Нигерия	5,9	2,8%
9. БАӘ	5,9	3,2%	9. Венесуэлла	5,5	2,6%
10. Нигерия	5,5	2,9%	10. Алжир	4,5	2,1%
16. Қазақстан	2,3	1,2%	21. Қазақстан	1,8	0,9%
Әлем бойынша	188,1	100%	Әлем бойынша	210,1	100%

Дереккөз: Energy Institute Statistical Review of World Energy, OPEC
<https://www.energyinst.org/statistical-review>

Елдегі газ өндіру бойынша жыл сайынғы тұтыну артып келе жатыр, алайда газ бағасына байланысты өзекті мәселелер бар. Бұған себеп, 2022 жылы енгізілген газ бағасын тұрақтандыру және баға деңгейін сақтау. Әлем бойынша газ бағасы артып келеді. Қазақстан осы тұста ішкі және сыртқы тасымалдау бағасының формуласын дайындау үстінде. Бұл сыртқы нарыққа шикі газды барынша қымбат бағаға өткізуге әсер етеді.



2 диаграмм - Қазақстандағы газ өндіру көрсеткіші

Дереккөз: ҚР Ұлттық Статистика Бюросы 2023

https://stat.gov.kz/upload/iblock/b6c/knlapy9dkm60thywakpq2mfeipbdlhov/Публикация%20ТЭБ%20каз%202007%202023.pdf?sphrase_id=375002

Nalyk research сараптама орталығының анализі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі газ нарығында баға белгілеуге байланысты екі негізгі

проблеманы бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, жер қойнауын пайдаланушылардан газды сатып алу бағасы әрқашан өндірудің өзіндік құнынан төмен болды. Тауарлы газдың барлық құн тізбегін (жер қойнауын пайдаланушыдан сатып алу бағасы, тасымалдау қызметтері, көтерме және бөлшек сауда бағалары) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ҚР ҰЭМ және ҚР ҰЭМ белгілейді. Жер қойнауын пайдаланушылардан тауарлық газды сатып алу бағасы мына формула бойынша есептеледі: өндіру құны + дайындау шығындары + Ұлттық операторға сату орнына дейін тасымалдау шығындары + 10% рентабельділік. Дегенмен, өндіруші компаниялар үшін мұндай баға формуласы ілеспе газды тауарлық газға өңдеу көлемін ұлғайту үшін жеткілікті емес.

2023 жылы жаңа газ немесе өндіріс көлемін ұлғайту жоспарланатын қолданыстағы жобалар үшін жаңа формула бекітілді. Қабылданған түзетулерге сәйкес, сатып алу бағасы Қазақстан мен Қытай шекарасындағы экспорттық газ құнының 70 пайызын және ішкі нарықтағы ең жоғары көтерме бағаның 30 пайызын құрайтын болады. Қазақстанда газдың орташа сатып алу бағасы 1 мың м³ үшін шамамен 40-50 долларды құрайды, жаңа формула компанияларға газды 110-120 долларға (өсім 2,5 есеге) сатуға мүмкіндік береді.

Ішкі нарықтағы екінші өзекті мәселе – ұлттық оператор үшін тауарлық газды сату бағасының төмендігі. Шығындар жер қойнауын пайдаланушылардан газды сатып алу құнының мың м³ үшін 25,2 мың ₸ газ таратушы компанияларға сату бағасынан асып кетуіне байланысты, яғни әрбір мың текше метрге ₸14,3 мың компания ₸11 мың шығынға ұшырады, топтың барлық сауда операцияларын есепке алғанда, 2022 жылы ішкі нарыққа газ сатудан түскен шығын ₸176 млрд құрады, ал экспортқа газ сатудан түскен пайда ₸113,9 млрд құрады (жалпы жалпы). шығын – ₸62 млрд). 2015 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңге. QazaqGaz шығыны ₸587 млрд құрады [15].

Осылайша, Қазақстанның ішкі газ нарығындағы баға белгілеу саланың тұрақтылығын қамтамасыз ету және инвестиция тарту үшін кешенді тәсілді және тиімді шараларды қабылдауды талап ететін күрделі мәселе болып табылады.

Қорытынды

Мұнай және газ ресурстарының Қазақстанның сыртқы саясатына әсерін зерттеу мемлекет қызметінің жаһандық контексте стратегиялық сипатын қалыптастыратын бірқатар негізгі аспектілерді ашады.

- Энергетикалық стратегия сыртқы саясаттың айқындаушы факторы ретінде: Қазақстанның елеулі мұнай мен газ қоры оны халықаралық қоғамдастықтың назарында екені даусыз. Энергетикалық стратегия еліміздің басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасын анықтайтын негізгі факторға айналуда.

- Әртараптандыру мен орнықты дамудың қиындықтары: энергетикалық сектордағы жаһандық өзгерістерді және мұнай кірістеріне тәуелділікті азайту қажеттілігін ескере отырып, Қазақстан экономиканы әртараптандыру

мәселесімен бетпе-бет келіп отыр. Бұл әртараптандыру, өз кезегінде, инвестиция тартуға және технологиялық дамуға бағытталған сыртқы саясаттың қалыптасуына әсер етеді.

- Геосаяси орны мен ынтымақтастығы: Еуразия континентінің орталығында орналасқан Қазақстан стратегиялық геосаяси жағдайға ие. Бұл мемлекетке Ресей және Қытай сияқты ықпалды ойыншылармен ынтымақтастыққа белсенді қатысуға, сондай-ақ сыртқы саясатқа әсер ететін халықаралық жобаларға қатысуға мүмкіндік береді.

Энергия ресурстарының қауіпсіздігі және киберқауіпсіздік: Геосаяси тұрақсыздық жағдайында физикалық және цифрлық тұрғыдан энергетикалық ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды.

– Киберқауіпсіздік жүйелер мен технологияларды үздіксіз жетілдіруді талап ететін сыртқы саясаттың құрамдас бөлігіне айналуға.

- Тұрақты даму және халықаралық ынтымақтастық перспективалары: Қиындықтарға қарамастан, Қазақстанның мұнай және газ ресурстарын тиімдірек пайдалануға, экономикалық әртүрлілікке және белсенді халықаралық ынтымақтастыққа негізделген тұрақты даму перспективалары бар. Бұл перспективалар сыртқы саяси стратегияның икемділігін және жаһандық бастамаларға белсенді қатысуды талап етеді.

Жалпы, Қазақстанның сыртқы саясаты мұнай-газ ресурстарын басқарумен тығыз байланысты және осы екі аспектінің дамуы әлемдік аренадағы экономика, қауіпсіздік және стратегиялық серіктестіктердің өзара әрекеттестігі контекстінде қарастырылуы маңызды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Официальный сайт Министерство энергетики Республики Казахстан: официальный сайт. <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/activities/179?lang=ru>

[2] Казахстан - Коммерческий путеводитель по стране Нефтегазовое оборудование и услуги. Официальный сайт Администрации международной торговли. Вашингтон 2023. <https://www.trade.gov/country-commercial-guides/kazakhstan-oil-gas-equipment-and-services#:~:text=Kazakhstan%20has%20the%20largest%20proven,and%20a%20major%20gas%20producer.>

[3] ҚР Энергетика министрлігі 2023. <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/publications/5159/>

[4] Turganbayeva T. The impact of energy sector of Kazakhstan with the global and regional powers // Journal Center for Economic and Social Research of Turkey. - 2020 . Т.2. p.225-240.

[5] Erik K. Kazakhstan's Energy in Foreign Policy Oil and Gas in the Multi-vector Policy. - University of Oslo, 2013. - 106 p.

[6] Мамашулы А. Инвесторы теряют интерес к каспийской нефти? <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-ukhod-neftyanikz-investorov-prichiny-i-prognozy/24943894.html>.

[7] Issova L., Battalova A. The global policy and oil price: Modern energy policy in OPEC priorities // Қоғам және дәуір. – 2022. - № 4(76). - 80-89 б.

[8] Карабалин У.С., Тукаев А.К. Нефтегазовый сектор Казахстана в контексте внешнеполитических аспектов / АО «Казахский институт нефти и газа». - Алматы, 2019. - С.14.

[9] Coffey T., Torlai L. Strengthening Energy Security: The Growing Partnership Between Kazakhstan and the EU in Oil Trade // Journal of European Student Think Tank. - 2024. - February 2. - P.16.

[10] ҚР Энергетика министрлігі Energy Monitor. 2022. <https://emf.kz>.

[11] Об утверждении Комплексного плана по развитию крупнейших нефтегазовых и нефтегазохимических проектов на 2023 – 2027 годы Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2023 года № 1062 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001062#:~:text=Около%2080%20%25%20добычи%20газа%20в,%2C%20Кашаган%2C%20Тенгиз%20и%20Жанжол>.

[12] Российская «Татнефть» купит 50% акций дочерней компании «КазМунайГаза» // https://forbes.kz/economy/business/rossiyskaya_tatneft_kupit_50_aksiy_u_docherney_kompanii_kazmunaygaza/?

[13] ОПЕК 2023. Energy Institute Statistical Review of World Energy. <https://www.energyinst.org/statistical-review>.

[14] ҚР Ұлттық Статистика Бюросы. 2023 https://stat.gov.kz/upload/iblock/b6c/knlapy9dkm60thywakpq2mfejrbdlhov/Публикация%20ТЭБ_каз_21%2007%202023.pdf?sphrase_id=375002.

[15] Оспанова А. Обзор газовой отрасли РК – страна входит в состояние дефицита газа // Аналитический центр “Налык Research”. - 2024. - 15.02. - С.20.

REFERENCES

[1] Ministerstvo energetiki Respubliki Kazahstan [Ministry of Energy of the Republic of Kazakhstan]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/activities/179?lang=ru> [in Russ.].

[2] Kazakhstan - Komercheski putevoditel po strane Neftegazovoe oborudovanie i uslugi. Ofisiálníy saít Administrasii mejdunarodnoi trgovli / Vaşington 2023 [Kazakhstan is a commercial guide to the country of Oil and gas equipment and services. The official website of the International Trade Administration. Washington 2023.]. <https://www.trade.gov/country-commercial-guides/kazakhstan-oil-gas-equipment-and-services#:~:text=Kazakhstan%20has%20the%20largest%20proven,and%20a%20major%20gas%20producer> [in Russ.].

[3] Kazakhstan Respublikasynyn Energetika ministrлігі. 2023 [KR Energy Minister 2023]. <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/publications/5159/> [in Kaz.].

[4] Turganbayeva T. The impact of energy sector of Kazakhstan with the global and regional powers. Journal Center for Economic and Social Research of Turke, 2020. V.2, p.225-240.

[5] Erik K. Kazakhstan's Energy in Foreign Policy Oil and Gas in the Multi-vector Policy. University of Oslo, 2013. 106 p.

[6] Mamashuly A. Investory terayut interes k kaspiskoi nefiti? [Are investors losing interest in Caspian oil?]. <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-ukhod-neftyanikz-investorov-prichiny-i-prognozy/24943894.html> [in Russ.].

[7] Issova L., Battalova A., The global policy and oil price: Modern energy policy in OPEC priorities. Kogam zhane Daur.2022, № 4 (76). 80-89 bb.

[8] Karabalin U.S, Tukaev A.K. Neftegazovyi sektor Kazahstana v kontekste vneşnepolíticheskikh aspektov [The oil and gas sector of Kazakhstan in the context of foreign policy aspects]. JSC «Kazahski institut nefiti i gaza», Almaty, 2019, p.14 [in Russ.].

[9] Coffey T., Torlai L. Strengthening Energy Security: The Growing Partnership Between Kazakhstan and the EU in Oil Trade. Journal of European Student Think Tank. 2024, February 2, p.16.

[10] Kazakhstan Respublikasynyn Energetika ministrлігі Energy Monitor. 2022. <https://emf.kz> [in Kaz.].

[11] Ob utverjdenii Kompleksnogo plana po razvitiu krupneşih neftegazovyh i neftegazohimicheskikh proektov na 2023 – 2027 gody Postanovlenie Pravitelstva Respubliki

Kazakhstan ot 30 noiabrä 2023 goda № 1062 [On approval of the Comprehensive Plan for the development of the largest oil and gas and petrochemical projects for 2023-2027 Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan].
// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001062#:~:text=Okolo%2080%20%25%20dobychi%20ga%20v,%2C%20Kaşagan%2C%20Tengiz%20i%20Jana%20joi> [in Russ.].

[12] Rosiskaia «Tatneft» kupit 50% aksi dochernei kompanii «KazMunaiGaza» [Russian Tatneft to buy 50% of shares of KazMunaiGas subsidiary].
https://forbes.kz/economy/business/rossiyskaya_tatneft_kupit_50_aktsiy_u_docherney_kompanii_kazmunaygaza/ [in Russ.].

[13] Energy Institute Statistical Review of World Energy, OPEC 2023. <https://www.energyinst.org/statistical-review>.

[14] Kazakhstan Respublikasynyn Ulttyk Statistika Burosy. 2023 [Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan].
https://stat.gov.kz/upload/iblock/b6c/knlapy9dkm60thywakpq2mfejpbdlhov/Publikacia%20TEB_kaz_21%2007%202023.pdf?sphrase_id=375002 [in Kaz].

[15] Ospanova A. Obzor gazovoi otrasli RK – strana vhidit v sostoianie defisita gaza [Overview of the gas industry of the Republic of Kazakhstan – the country is entering a state of gas shortage]. Analiticheski sentr ‘Halyk Research’, 2024, s.20 https://halykfinance.kz/download/files/analytics/AC_gas.pdf [in Russ.].

РОЛЬ НЕФТЕГАЗОВОГО СЕКТОРА ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

*Туманшиев Д.А.¹, Исова Л.Т.²

^{*1} PhD докторант, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан,
e-mail: tumanshiyev.darkhan@gmail.com

² кандидат исторических наук, доцент, Казахский национальный университет им. Аль Фараби, Алматы, Казахстан,
e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена одной из актуальных тем мировой и национальной экономики – политике развития нефтегазового сектора. Добыча нефти и газа является важнейшим инструментом энергетического аспекта внешней и внутренней политики многих стран, в том числе Республики Казахстан. В данной статье основное внимание уделяется значению, значению и роли нефтегазовой отрасли в энергетическом аспекте внешней политики Республики Казахстан. Рассмотрены и проанализированы крупнейшие месторождения, международный инвестиционный фонд по этим месторождениям, а также политика ТНК и важные нефтегазовые направления, оказывающие существенное влияние на нефтяную политику нашей республики. Кроме того, в нем акцентируется внимание на основных проблемах в контексте зависимости Казахстана от энергоресурсов. Особое внимание уделено вопросам диверсификации экономики, инвестиционного партнёрства в энергетической сфере, поиска новых рынков для нефтегазовой продукции. Анализируется роль энергоресурсов в экономике и международных отношениях Казахстана, раскрывается их влияние на стратегические решения в сфере дипломатии и торговли. Вопросы энергетической безопасности, транзита и диверсификации экономики выделены как основные аспекты, определяющие внешнюю политику страны. В статье рассмотрены основные аспекты дипломатических отношений, связанные с добычей, транспортировкой и экспортом нефтегазовых ресурсов. В исследовании подчеркивается необходимость разработки и внедрения устойчивых и инновационных подходов к управлению нефтегазовым сектором для обеспечения национальных интересов, укрепления безопасности страны и содействия ее интеграции в мировое сообщество. Отмечены разнообразные экономические и политические вызовы, с которыми сталкивается Казахстан

в состоянии энергетической зависимости. Наконец, в статье представлены перспективы диверсификации экономики и укрепления международных отношений Казахстана с учетом изменения глобальной энергетической динамики.

Ключевые слова: нефтегазовая отрасль, мировая экономика, международные отношения, дипломатия, внешняя политика, глобальная энергетика, ресурсная политика, международные инвестиции

THE ROLE OF THE OIL AND GAS SECTOR IN THE FOREIGN POLICY OF KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND PROSPECTS

*Tumanshiyev D.A.¹, Issova L.T.²

^{*1} PhD student, Al - Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: tumanshiyev.darkhan@gmail.com

² Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al- Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Abstract. The article is devoted to one of the current topics of the world and national economy - the policy of development of the oil and gas sector. Oil and gas production is the most important tool in the energy aspect of the foreign and domestic policies of many countries, including the Republic of Kazakhstan. This article focuses on the significance and role of the oil and gas industry in the energy aspect of the foreign policy of the Republic of Kazakhstan. The largest fields, the international investment fund for these fields, as well as the policies of TNCs and important oil and gas areas that have a significant impact on the oil policy of our republic are reviewed and analyzed. In addition, it focuses on the main problems in the context of Kazakhstan's dependence on energy resources. Particular attention is paid to issues of economic diversification, investment partnerships in the energy sector, and the search for new markets for oil and gas products. The role of energy resources in the economy and international relations of Kazakhstan is analyzed, and their influence on strategic decisions in the field of diplomacy and trade is revealed. Issues of energy security, transit and economic diversification are highlighted as the main aspects determining the country's foreign policy. The article examines the main aspects of diplomatic relations related to the production, transportation and export of oil and gas resources. The study highlights the need to develop and implement sustainable and innovative approaches to managing the oil and gas sector to ensure national interests, strengthen the country's security and promote its integration into the global community. The various economic and political challenges that Kazakhstan faces in a state of energy dependence are noted. Finally, the article presents prospects for diversifying the economy and strengthening international relations of Kazakhstan, taking into account changing global energy dynamics.

Keywords: oil and gas industry, global economy, international relations, diplomacy, foreign policy, global energy, resource policy, international investment

Статья поступила 23.04.2024.